Басқарма Төрағасы — Ректор Сауле Сагинтаева өз алғысын білдіріп: «Әбілқас Сағынұлының жарты ғасырлық жемісті қызметі ғылым мен техника-

ның дамуына, көмір өнеркәсібін жетілдіруге және инженерлік кадрларды даярлауға зор үлес қосты. Университет академиктің қалдырған асыл дәстүрін әрі қарай абыроймен жалғастыруда», — деп атап өтті.

Соңында Асқар Сағынов және әлеу-



меттің тәрбие ісі жөніндегі проректор Абай Қалықов ордендер мен медальдарды тапсыру-қабылдау актісіне қол қойды.



Профилактика эмоционального выгорания



Для сотрудников Карагандинского технического университета имени Абылкаса Сагинова был организован выездной тренинг в Discovery Borovое. Психологи университета — руководитель Социально-психологической службы Наталья Литвинова и психолог Наталья Мандровская провели занятие по профилактике профессиональной деформации и психоэмоционального выгорания. Организацию выезда обеспечила советник ректора по HR Алия Орсаева.

Цель тренинга — повышение психологической устойчивости сотрудников, снижение уровня стресса и формирование навыков саморегуляции. Занятие включало современные методы восстановления внутреннего ресурса: арт-терапию, меди-

тации, визуализацию, элементы телесно-ориентированной психотерапии и практики работы с подсознанием.

В современной жизни каждый человек подвержен эмоциональному выгоранию, поэтому такие тренинги особенно важ-

ны. По словам участников, они позволяют восстановить внутренний баланс, снизить стресс и получить практические инструменты для поддержания психологического благополучия, что способствует повышению эффективности и качест-

ва профессиональной деятельности. Как отметила советник ректора по HR Алия Орсаева, подобные мероприятия будут продолжены, чтобы сотрудники университета регулярно имели возможность укреплять свои психологические ресурсы.



Атом энергетикасының қазіргі жағдайы және Қазақстан Республикасындағы даму перспективалары

Атом энергетикасы жарты ғасырдан астам уақыт бойы дәстүрлі энергия өндіру көзі ретінде тұрақты дамып келеді. Қазіргі таңда әлемнің 31 мемлекетінде атом электр станциялары (АЭС) пайдаланылуда. Халықаралық статистикалық мәліметтерге сәйкес, дүниежүзі бойынша жалпы орнатылған қуаты 391 ГВт құрайтын 439 энергетикалық реактор эксплуатациялануда. Сонымен қатар, жиынтық қуаты 55 ГВт болатын тағы 52 реактордың құрылысы жүргізілуде. Ядролық генерация саласындағы көшбасшы елдер қатарына АҚШ, Франция, Қытай, Жапония, Ресей Федерациясы және Корея Республикасы жатады.

Әлемдік энергетикалық тапшылыққа байланысты бірқатар мемлекеттер ядролық бағдарламаларын жаңғырту туралы шешім қабылдады.

- Франция: 2035 жылға қарай жаңа буынды реакторлар санын 14 бірлікке дейін арттыруды жоспарлап, салаға реинвестиция жасауды бастады.
- Түркия, БӘӘ, Беларусь: Атом саласын дамыту бойынша белсенді құрылыс-монтаждау кезеңіне көшті.

- Еуропалық Одақ: Еурокомиссия 2050 жылға қарай «көміртексіз бейтараптылыққа» (carbon neutrality) қол жеткізу стратегиясына атом энергетикасын «жасыл» таксономия аясында қосуды ұсынды.

Қазақстан Республикасында АЭС салу жобасы мультипликативті экономикалық әсер беретін стратегиялық бағыт ретінде қарастырылуда. Қазіргі уақытта келесі бағыттар бойынша кешенді зерттеулер жүргізілуде:

- Табиғи-климаттық факторларды ескере отырып, станцияның қоршаған ортаға әсерін бағалау (ӨОӘБ);

- Әлемдік жетекші 6 вендордың (АҚШ, Жапония, Корея, Қытай, Ресей, Франция) ядролық технологияларына салыстырмалы талдау жасау.

Қазақстанның атом саласындағы бәсекелестік артықшылықтары келесі факторлармен негізделеді:

- Шикізат базасы: Табиғи уран өндіру көлемі бойынша әлемдік нарықта бірінші орын.

- Изотопты байыту: Уранды изотопты байыту бойынша халықаралық қызметтерге қолжетімділіктің болуы.

- Отын циклі: Үлбі металлургия зауыты базасында ядролық отын компоненттерін

(таблеткалар) өндіру және дайын жылу бөлгіш құрамаларды (ЖБК) шығару жолға қойылған.

Бүгінгі таңда Қазақстанның бірыңғай энергетикалық жүйесі (БЭЖ) өзін-өзі теңгерімдеу (самобалансировка) режимінде жұмыс істеуде. Алайда, жүйедегі пиктік жүктемелер кезеңінде электр энергиясының айтарлықтай тапшылығы байқалады.

- Тұтыну динамикасы: 2021 жылы тұтыну көлемі 113,9 млрд. кВт/сағ құрап, 2020 жылмен салыстырғанда 6%-ға өсті. Бұл алдыңғы жылдардағы орташа 2%-дық өсіммен салыстырғанда үш есе жоғары көрсеткіш.

- Техникалық тозу: Қолданыстағы 214 электр станциясының негізгі активтерінің тозу деңгейі орта есеппен 53%-ды құрайды, бұл жабдықтардың жиі апаттық тоқтауына әкеп соғады.

- Маневрлік қуаттардың тапшылығы: Реттеуші қуаттардың аздығы және жаңғырмалы энергия көздерінің (ЖЭК) тұрақсыздығы кешкі пик кезінде көршілес мемлекеттердің (Ресей Ф.) энергия жүйесіне тәуелділікті туындатады.

Энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында 2035 жылға дейінгі болжамды энергетикалық баланс әзірленді: 2035 ға қарай сұраныс 153 млрд. кВт/сағ дейін артады деп күтілуде. Тұтынуды өтеу үшін жиынтық қуаты 17,5 ГВт болатын жаңа генерация көздерін енгізу қажет. Халықаралық қаржы институттарының көмір генерациясын қаржыландырудан бас тартуына байланысты, базалық жүктемені қамтамасыз етудің баламалы көзі ретінде Атом электр станциясы (АЭС) қарастырылуда.

Энергетикалық жүйенің тәуелсіздігін сақтау және базалық қуаттардың тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін АЭС салу — объективті техникалық қажеттілік. Бұл қадам:

- Көміртек ізін азайтуға (декарбонизация);
- Энергия жүйесіндегі маневрлік және базалық тапшылықты жоюға;
- Экономиканың жүйе құраушы саласы ретінде энергетиканың ілгерілеуіне мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасының 2035 жылға дейінгі энергетикалық балансына сәйкес, дәстүрлі жылу энергетикасын жаңғырту және атом генерациясын енгізу — басты басымдықтардың бірі. Жылу және атом станциялары технологиялық тұрғыдан өзара тығыз байланысты (термодинамикалық циклдер, турбиналық қондырғылар, жылу алмасу процестері). Сондықтан, осы екі бағытты біріктіретін мамандарды даярлау кадрлардың әмбебаптығын және бәсекеге қабілеттілігін арттырады.

Мамандықтың негізгі мақсаты — жылу және ядролық энергияны түрлендірудің заманауи технологияларын меңгерген, станциялардың сенімділігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ете алатын жоғары білікті инженерлерді даярлау.

Негізгі міндеттер:

- Техникалық құзыреттілік: Жылу-механикалық және ядролық-физикалық қондырғыларды пайдалану мен жөндеу дағдыларын қалыптастыру.
- Цифрландыру: Станцияларды басқарудың автоматтандырылған жүйелерін (АСУ ТП) және цифрлық егіздерді (Digital Twins) қолдануды үйрету.



Электр қуаты тұрақты әрі жеткілікті көлемде өндірілмесе, жасанды интеллектті енгізу және жаппай цифрландыруды жүзеге асыру мүмкін болмайтыны анық

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың сөйлеген сөзі

Үкіметтің кеңейтілген отырысы
10.02.2026 | Астана

- Экологиялық қауіпсіздік: Шығарындыларды азайту технологиялары мен радиациялық қауіпсіздік нормаларын меңгерту.

Мамандық аясында келесі пәндік циклдерді енгізу ұсынылады:

- Жылу энергетикалық блок: Қазандық қондырғылары, бу және газ турбиналары, ЖЭО (ТЭЦ) жұмысын оңтайландыру.
- Атом энергетикалық блок: Ядролық реакторлардың физикасы мен есептелуі, нейтрондық-физикалық процестер, АЭС қауіпсіздік жүйелері.

- Жалпы инженерлік блок: Теориялық термодинамика, жылу-масса алмасу, материалтану және металдар технологиясы.

Университет базасында бұл мамандықты сәтті іске асыру үшін келесі тетіктер қарастырылады:

- Дуалды оқыту: Студенттердің теориялық білімін өндірістік тәжірибемен (мысалы, өңірлік ГРЭС-терде немесе Ұлттық ядролық орталықта) ұштастыру.

- Ғылыми коллаборация: Шетелдік жетекші техникалық жоғары оқу орындарымен (Франция, Корея, Ресей, Түркия) тәжірибе алмасу және қос дипломдық бағдарламаларды дамыту.

- Зертханалық база: Жылу процестерін модельдеуге арналған бағдарламалық кешендер мен АЭС операторларына арналған виртуалды симуляторларды орнату.

Б. К. МАГАУИН,
«Энергетикалық жүйелер»
кафедрасының аға оқытушы

Жұмысқа орналасу нұсқалары

2026 жылғы 12 наурызда сағат 15:00-де бас ғимараттың №350 аудиториясында, сондай-ақ 13 наурызда сағат 15:00-де 2-оқу корпусындағы №227 аудиторияда «Богатырь Көмір» ЖШС өкілдерімен кездесу өтті.

Аталған іс-шара «Геология және пайдалы қазбалар кен орындарын барлау» білім беру бағдарламасының бітіруші курс білім алушыларына компания қызметі, жұмыс істеу артықшылықтары және болашақта жұмысқа орналасу мүмкіндіктері туралы толық ақпарат беру мақсатында ұйымдастырылды.

Кездесу барысында компания өкілдері өндірістік қызметтің негізгі бағыттары, кәсіпорындағы әлеуметтік қолдау шаралары, жас мамандарға ұсынылатын мүмкіндіктер және мансаптық өсу перспективалары туралы баяндады. Сонымен қатар студенттер өндірістік тәжірибеден өту, бос жұмыс орындары және іріктеу талаптары бойынша өздерін қызықтырған сұрақтарға жауап алды.

Іс-шара студенттердің болашақ кәсіби бағытын айқындауына және әлеуетті жұмыс берушімен тікелей байланыс орнатуына мүмкіндік берді.

Университет пен жұмыс беруші арасындағы ынтымақтастық алдағы уақытта да жалғасын табады.


Университет атынан спикер: Тусупова Гульзат Алиевна — мансап және жұмыспен қамту орталығының жетекшісі (бас ғимарат, 204 кабинет).

Тілге деген құрмет — ұлттық бірегейлікті өзегі

2026 жылдың ақпан айында «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ «Көлік, логистика және инженерлік экономика» факультетінің «Қазақ тілі және мәдениеті» кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.к., доцент Қ. С. Қалыбекованың басшылығымен және жауапты оқытушылар Л. М. Кулейменова, М. Т. Оспанғалиева, Н. А. Конурова кафедраның тәрбие жұмыс жоспары бойынша «Қазақ тілін білгенің — өз еліңді сүйгенің» тақырыбында өзге ұлт өкілдері І курс студенттерінің арасында факультетаралық пәндік олимпиада ұйымдастырып өткізді.

Олимпиаданың мақсаты — өзге ұлт өкілдері студенттерінің мемлекеттік тілді меңгеру деңгейін анықтау, сауатты жазу мен дұрыс сөйлеу дағдыларын жетілдіру, тілге деген құрмет пен сүйіспеншілікті қалыптастыру, Отансүйгіштікке тәрбиелеу, ұлттық сана-сезімді нығайту.

Олимпиаданы өткізу барысы ІІ кезеңнен тұрды. Бірінші кезең: Эссе жазу. Ұсынылған әр түрлі тақырыптар бойынша әр қатысушы бір тақырыпты таңдап, эссе жазды. Екінші кезең: Жағдаяттық тапсырмалар бойынша әр қатысушы сөйлесім тақырыптарын таңдап алып, бір-бірімен ауызша сұхбаттасты, суретпен жұмыс жасау барысында өз ойларын сауатты, ашық, сипаттап жеткізу негізінде жұмыстар жүргізілді.



Олимпиада қорытындысы бойынша аталған екі кезеңде үздік нәтиже көрсеткен студенттер жүлделі орындарды иеленді. «Ең әсерлі сөйлесім» номинациясы бойынша І орын — МД-25-3 тобының студенті Перевалова Ксения (жетекшісі: Г. С. Байпелова), ІІ орын — ЭЭ-25-3 тобының студенті Никулин Роман (жетекшісі: К. К. Нуржанова), ІІІ орын — ГиК-25-2 тобының студенті Мадаминов Иброхим (жетекшісі: К. М. Хамзина) иеленсе, «Үздік эссе» номинациясы бойынша І орын — ЭП-25-2 тобының студенті Мачкалян Лаура (жетекшісі: Н. Т. Нығметова), ІІ орын — С-25-4 тобының студенті Андрущенко Валерия (жетекшісі: Г. Қ. Сағатова), ІІІ орын — СИБ-25-2с тобының студенті Меньшагин Андрей (жетекшісі: А. Д. Беккулова) иеленсе, олимпиадаға белсене қатысқан Лог-25-3 тобының студенті Керимов Карим (жетекшісі: А. Ж. Жалдыбаева); ИС-25-2с тобының студенті Гунькина Ксения (жетекшісі: А. Б. Біраяқ) Алғыс хатпен марапатталды.



Жалпы осындай іс-шараларды ұйымдастырып өткізу жастардың тілге деген құрметтерін арттырып, ұлттық бірегейліктің өзегін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Тіл арқылы біз өткенімізді танимыз, бүгінгімізді бағалаймыз, болашағымызды бағдарлаймыз. Тіл-ұлттың жаны. Ал ұлттың жанына құрмет — Отанға деген шынайы сүйіспеншіліктің белгісі. Сондықтан «Қазақ тілін білгенің — өз еліңді сүйгенің» деген сөз — жай ұран емес, әр азаматтың жүрегіне жүктелген жауапкершілік. Біз жаһандану дәуірінде өмір сүріп жатқандықтан әлемнің бірнеше тілін меңгеру бұл — заман талабы. Болашақ жастардың тілдік білімін, сауатты жазу мен дұрыс сөйлеу дағдыларын жетілдіру, Қазақ халқының мәдениеті, тарихы мен рухани құндылықтарын насихаттау және дарынды, қабілетті жастарды анықтап, олардың шығармашылық және зияткерлік әлеуетін дамытуларына қолдау көрсету басты міндет болып табылады.

**Н. А. КОНУРОВА,
Л. М. КУЛЕЙМЕНОВА,
М. Т. ОСПАНГАЛИЕВА,
Ә. Сағынов атындағы КарТУ-дың
«Қазақ тілі және мәдениеті»
кафедрасының аға оқытушылары**

Расширили сотрудничество

Карагандинский технический университет имени Абылкаса Сагинова подписал соглашение о сотрудничестве с Томским государственным университетом систем управления и радиоэлектроники (ТУСУР). Документ подписали проректор по академическим вопросам КарТУ имени А. Сагинова Бекболат Нусупбеков и ректор ТУСУРа Виктор Рулевский.

Вузы связывает двадцатилетний опыт сотрудничества. В 2024 году была запущена двойная междууниверситетская образовательная программа, которая успешно реализуется.

Новое соглашение направлено на расширение сотрудничества в подготовке высококвалифицированных специалистов. Оно предусматривает академические обмены студентов

и преподавателей, реализацию совместных образовательных и научных программ, проведение научных исследований и организацию совместных научно-практических мероприятий.

По словам Бекболата Нусупбекова, в рамках ранее подписанного договора по программе двойного диплома в ТУСУРе уже обучаются шесть студентов КарТУ имени А. Сагинова по направлению «Радиотехника». Подпи-



санное соглашение позволит развивать сотрудничество и по другим направлениям, включая информационную безопасность, информационные системы и академическую мобильность между вузами.

Жетістік жолы — түлек тәжірибесі



Saginov Technical University-нің Business Skills Park алаңында «Жетістік жолы — түлек тәжірибесі» атты кездесу өтті. Кездесу қонақтары қатарында «Қазатомпром» ҰАК» АҚ Ғылым департаментінің бас менеджері Жазира Аманкелдина, МНМ кафедрасының 3-курс докторанты, «Смит Центральная Азия» ЖШС ӨТБ инженері Шыңғыс Байбеков, PhD, т. ғ. к., Ж. Әбішев атындағы Химия-металлургия институтының жетекші ғылыми қызметкері Аманкельды Ахметов және МНМ кафедрасының инженері Диана Арыстанова болды.



ҚарТУ-дің табысты түлектері өздерінің білім алу жолы, кәсіби қалыптасуы мен мансаптағы жетістіктері туралы тәжірибелерімен бөлісті. Кездесу ашық диалог форматында өтіп, студенттер көкейкесті сұрақтарын



қойып, практикалық кеңестер алды.

Кездесу студенттерге болашақ мамандық таңдауда кәсіби бағыт-бағдар беріп, мазмұнды әрі мотивациялық алаңға айналды.



От точности чертежа — к точности профессии



В городе Рудный прошёл Республиканский конкурс профессионального мастерства BabySkills и JuniorSkills по горнотехническому направлению. Это масштабная площадка, где участники демонстрируют не только знания, но и готовность к реальным производственным задачам.

ников высокой концентрации, развитого пространственного воображения и уверенного владения системами автоматизированного проектирования. Любая ошибка здесь — это не просто потеря баллов, а потенциальный производственный риск. Именно поэтому конкурс максимально приближен к реальным условиям профессии: участники работают в ограниченное время, строго соблюдая стандарты и технические требования.

Подготовка к таким соревнованиям — это ежедневный труд: тренировки, анализ ошибок, отработка сложных построений, развитие скорости без потери качества. Для первокурсника это серьёзное испытание и одновременно мощный профессиональный рост. Уже на старте обучения Анисим Гринь продемонстриро-

вал высокий уровень подготовки и конкурентоспособность на республиканской арене.

Особую роль в достижении результата сыграла наставническая работа. Под руководством преподавателя выстраивается стратегия подготовки, формируются навыки стрессоустойчивости, внимание к деталям и ответственность за результат. Такой подход превращает конкурс не в разовое испытание, а в полноценный образовательный процесс.

Участие в BabySkills и JuniorSkills стало важным этапом подготовки к предстоящему региональному чемпионату WorldSkills Karaganda-2026. Подобные соревнования позволяют студентам почувствовать уровень будущей профессиональной ответственности, научиться работать в условиях строгого регламента и экспертной оценки.



Среди сильнейших команд страны достойно выступил Колледж инновационных технологий Карагандинского технического университета имени Абылкаса Сагинова. Студент первого курса Анисим Гринь (компетенция «Инженерная графика CAD») под руководством преподавателя Е. Т. Жексембеков завоевал почётное третье место.

Этот результат не просто строка в протоколе, а отражение системной работы, дисциплины и формирования профессионального мышления. В инженерной сфере всё начинается с точности мышления, расчётов и чертежей.

Компетенция «Инженерная графика CAD» требует от участ-

Колледж выражает благодарность организаторам конкурса за высокий уровень проведения и вклад в развитие профессионального образования. Отдельные слова признательности — наставнику за подготовку и поддержку, а также поздравления призёру за труд, целеустремлённость и стремление к результату.

Третье место — это не финиш, а уверенный старт. В инженерии побеждает тот, кто умеет работать точно и не боится расти. И этот путь у команды колледжа только начинается.

Р. Р. ЗАКИУЛЛИН,
преподаватель колледжа
Инновационных технологий

Өнер тарланымен кездесу өтті

Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің Тау-кен факультетінде «Шамшырақ» шығармашылық жастар ұйымының ұйымдастыруымен Сәкен Сейфуллин атындағы академиялық қазақ драма театрының актері, драматург, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, Қазақстанның Халық әртісі, көптеген байқаулардың лауреаты Кеңес Жұмабековпен кездесу өтті.

Кездесу барысында Кеңес Нарымбайұлы өнер жолы, шығармашылық ізденістері мен жетістіктері туралы әңгімелеп берді. Жиналған студенттер әсерлі әңгімені үлкен қызығушылықпен тыңдап, көкейлеріндегі сауалдарын қойып, тұшымды жауаптар алды.

Сонымен қатар, факультеттің өнерлі студенттері де өз өнерлерін ортаға салды: бірі күй тартып берсе, енді бірі Мұқағали Мақатаевтың «Райымбек» поэмасынан мәнерлеп үзінді оқыды.

Кеш соңында Тау-кен факультетінің деканы, техника ғылымдарының кандидаты, профессор Нұрбек Жолмағанбетов құрметті қонаққа кездесуге келіп, мазмұнды әңгімесі үшін алғыс білдіріп, сый-сияпат жасады. Кездесу мазмұнды әрі әсерлі өтті.

Тұранның тарлан тұлғасы

Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінде Әлихан Бөкейхановтың туғанына 160 жыл толуына орай «Тұранның тарлан тұлғасы» атты аймақтық ғылыми-теориялық дөңгелек үстел ұйымдастырылды.



Шараны университеттің Басқарма мүшесі — Академиялық мәселелер жөніндегі проректор Бекболат Нүсіпбеков ашып, қатысушыларға игі тілегін білдірді. Дөңгелек үстел барысында Қарағанды медицина университеті Қазақстан тарихы және

ӘСП кафедрасының профессор-ассистенті Кәмшат Әбдірахманова, Е. А. Бөкетов атындағы Ұлттық зерттеу университеті Археология, этнология және Отан тарихы кафедрасының қауымдастырылған профессоры, PhD докторы Нұртас Смағұлов, Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ «Қазақстан тарихы» кафедрасының қауымдастырылған профессоры Сауле Қасымова және кафедраның профессор-ассистенті Бахриден Нұғман баяндама жасап, өз ойларын ортаға салды. Дөңгелек



үстелді ұйымдастырушылар — Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі, т.ғ.к. қауымдастырылған профессор Зауре Қартова, аталған кафедраның аға оқытушылары Шолпан Темиржанова, Зауреш Нурлигенова.

Әлихан Бөкейханов — көрнекті қоғам қайраткері, Алаш қозғалысының көсемі, Алашорда үкіметінің төрағасы, сондай-ақ тарихшы, этнограф, ғалым және дарынды публицист. Оның өмірі мен қызметіне қатысты Е. А. Бөкетов атындағы Ұлттық зерттеу университетінің, Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ-дың және Қарағанды медицина университетінің студенттері өз пікірлерін білдірді. Дөңгелек үстел қорытындысында сөз сөйлеген қонақтар мен белсенділік танытқан студенттерге Алғыс хаттар табысталды.



Технический взгляд на творческий процесс

Профессорско-преподавательский состав Карагандинского технического университета имени Абылкаса Сагинова побывал в КГУ «Дворец школьников «Кәусар» в рамках заключённого меморандума о сотрудничестве.

Дворец школьников оснащён современными образовательными технологиями. Здесь работают 40 кружков — от творческих и художественных направлений до робототехники, архитектуры, телевидения и растениеводства. Дети бесплатно обучаются по семи направлениям: художествен-

но-эстетическому, научно-техническому, интеллектуальному, эколого-биологическому, исследовательскому, профориентационному и лингвистическому.

В составе делегации были представители факультетов информационных технологий, металлургии и машиностроения, энергетики, автоматики и телекоммуникаций. Директор

Дворца школьников Айгерим Исбекова отметила высокий интерес школьников к точным наукам и современным технологиям, включая IT, робототехнику и автоматизацию. В связи с этим особенно важно привлекать квалифицированных педагогов для работы в высокотехнологичных кабинетах: робототехники, STEM-лаборатории, НИ ТЕCH цеха, интернета вещей и VR-архитектуры.


«Если занятия по робототехнике на базе LEGO могут вести школьные учителя, то работа с Arduino и другими сложными инженерными решениями требует углублённых и специализированных знаний. Мы планируем привлечь таких специалистов в рамках меморандума с КарТУ», — подчеркнула Айгерим Исбекова.

Как отметил декан факультета информационных техно-



логий КарТУ Алексей Калинин, у Дворца школьников есть большой потенциал. В рамках ознакомительного визита обсуждалась возможность участия преподавателей и магистрантов в наставничестве, проведения мастер-классов, образовательных занятий онлайн и офлайн, а также совместных тренингов и семинаров. Кроме того, студенты университета смогут проходить здесь практику.

КГУ «Дворец школьников «Кәусар» приглашает всех заинтересованных преподавателей и магистрантов КарТУ присоединиться к этим инициативам и поделиться своими знаниями с учащимися.





ҚОҒАМ ӨМІРІНІҢ ТАМЫРШЫСЫ

XX ғасырдың екінші жартысындағы «жылымықтан» соң адам санасындағы сілкініс КСРО империясында байқалды да, Одақта болған бұрынғы нәубет пен зұлматты естісе де, көрмеген бірталай қаламгерлер ұлттық әдебиетімізге ірі серпіліс алып келді. Ә. Кекілбаев, М. Мағауин, Д. Исабеков, Ә. Тарази, Т. Әбдіков, Қ. Ысқақов, О. Бөкеев т.б. осынау шоғырдың бел ортасында танымал қаламгер, Халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Қабдеш Жұмаділов бар еді. Қазір де ортамызда жоқ қаламгердің биылғы жылы 90 жылдық мерейтойы аталып өтпек...

Ол екі — үш мыңжылдық бойы Еуразия кеңістігінде ғұмыр кешіп, өмір сүру салты көшпелі болған, еңкейгенге еңкейіп, шалқайғанға шалқая жауап беретін, дегдар, жаны жомарт, текті, табиғаты таза, санасы сара, қоршаған ортаны бағындыру емес, керісінше, оны аялап, онымен тіл табысуды мақсат еткен асқақ ойлы, танымы биік, шалқар даласында бірде — бір қайыршысы болмаған, ғаламат әдет — ғұрып, салт-дәстүр, қысқасы, еш жұртқа ұқсас ұлттық болмыс иегері жайлаған кешегі ата — баба, бүгінгі қазақ көшпелілігін сақтаған, қаймағы бұзылмаған кеңістікте (Қытай, Шыңжаң өңірі) дүниеге келді. Көп ұзамай көшпелі ғұмыр жойылса да, болашақ жазушы сол дәуірдің тәрбиесін көрді, сонда қалыптасты. Соның әсерімен ол, мейлі Қытайда, мейлі Қазақстанда болса да, АДАМТАНУ ілімін өз шығар-

маларына еле — өлгенше арқау етті, жазушының қоғамдағы орнының маңызды болуы үшін күресті, тәуелсіздік, дербестік, егемендікке өз шығармаларымен үлес қосты.

Асылы, бір жайтты есте ұстаған абзал: ол — белгілі бір оқиға, өзгеріс, құбылысқа соның бел ортасында болған адамның баға беруі және сырттан келген адамның баға беруі. Ол Шәуешекте гимназияны үздік бітірді. Қазақ университетінде оқуға жолдама алды. Студент кезінде-ақ М.Әуезовпен байланыста болды, Қ.Сәтбаев және атақты классик жазушылар, ғалым, профессорлармен байланыста болды. Жазушылар ортасы, ірі ғалымдардан сабақ алу, Мәскеуде өткен жастар фестиваліне қатысу, көп ұзамай қос мемлекеттің арасындағы кикілжіңнен Қытайға шақырылуы, тергеуде болуы, көп азап көріп, ақыры, астыртын дайындықтан

соң қандастарымызды бастап атажұртқа оралуы, оқуын жалғастырып бітіруі, газетке, баспаға, қызметке тұруы — бәрі де тұтас әкеліп, оның сүмелі шығармалар жазуына алғышарттар жасап еді...

Ықшам лирика, әңгіме, хикаяттардан басталған, шығармашылық ізденіс оның бүгінде қазақ әдебиетінің алтын қорына косылған «Соңғы көш», «Тағдыр», «Таңғажайып дүние», «Қыл көпір», «Дарабоз», «Атамекен», «Көкейкесті» романдары, «Сарыжайлау», «Сәйгүліктер», «Бір түп тораңғы», «Бір қаланың тұрғындары» т.б. хикаяттары мен біраз әңгімелері мол публицистикалық дүниелері оны заманының шын мәніндегі дарабоз қаламгері дәрежесіне көтерді.

«Соңғы көш» өктем саясаттың шешімі мен өз жерінде отырған қазақтың қос империя шекараны бекіткенде өзге елде

қалып қойған қазақ жұртының тағдыры, тарихы, арман-аңсары, сағыныш, мұны. Бас кейіпкер отызға толар — толмаста ұлы міндет үдесінен табылып, екі жүз мыңнан астам қазақты бастап, ата жұртқа оралуы романның негізгі өзегі, басты арқауы. Бас қаһарман — автордың өзі. «Тағдыр» — қазақтың қытай еліндегі аса ірі қайраткерінің трагедиясы толтыр өмір жолы, кеудесін дұшпанға бастырмай, халқы үшін әділдіктің ақ жолынан аттамаған жан туралы туынды. Бас қаһарман өмірде болған Дәмежан атты тұлға. «Атамекен» — қазақтан шыққан әйгілі ғалымның жанқиярлық еңбегі. «Көкейкесті» ұлттық болмысынан айырылып қала жаздаған жас жігіттің сәл кеш те болса ес жиюы, түзу жолға түсуі. «Дарабоз» — ұлы қолбасшы Қаракерей Қабанбай туралы қос томдық тарихи роман.

Тұжырымдай айтсақ, қаламгер Қ.Жұмаділов өзі ғұмыр кешкен қоғамның тамыршысы әрі емшісі болды және барлық шығармалары арқылы тәуелсіздік идеясын көтере білді.

Қ. ХАМЗИНА,
Ә. Сағынов атындағы
Қарағанды техникалық университеті,
ф. ғ. к., доцент

Перспективы образования



В рамках профориентационной работы представители Saginov Technical University провели встречу с выпускниками школ посёлка Топар, а также учащимися 9–11 классов и студентами колледжей Актогайского района. В ходе встречи будущим абитуриентам была предоставлена подробная информация об университете и колледже, образовательных программах, формате обучения, грантовых возможностях и требованиях к поступлению.

Кроме того, в рамках были подписаны меморандумы о сотрудничестве с районными школами. В соответствии с документом стороны будут совместно работать над развитием образовательного сотрудничества, профориентационной деятельности и академических связей.

Профориентационные встречи прошли в следующих образовательных организациях:

- КГУ «Опорная школа (ресурсный центр) имени Абая» от-

дела образования Абайского района.

- КГУ «Общеобразовательная школа имени Прокофия Корниенко» отдела образования Абайского района.
- КГУ «Опорная школа (ресурсный центр) имени Бауыржана Момышулы» отдела образования Абайского района.
- КГУ «Опорная школа (ресурсный центр) имени Куляш Байсеитовой» отдела образования Актогайского района.

- КГУ «Опорная школа (ресурсный центр) имени Алихана Букейхана» отдела образования Актогайского района.
- КГУ «Опорная школа (ресурсный центр) имени Казбека Нуржанова» отдела образования Актогайского района.
- КГУ «Основная средняя школа имени Толепберди Акышулы» отдела образования Актогайского района.
- КГУ «Основная средняя школа имени Асета Болганбайу-

лы» отдела образования Актогайского района.

В ходе мероприятия выпускники получили ответы на интересующие их вопросы об университете и ознакомились с важной информацией, необходимой для выбора будущей профессии.

Со стороны университета приняли участие руководитель отдела маркетинга и профориентационной работы Жанболат Ибрайбеков, инженер кафедры «Металлургия и новые материалы» Еркебулан Нартбай.





Äz Nauryz

Әбілқас Сағинов атындағы Қарағанды техникалық университетінің спорт кешенінде «Жас Орда» Жастар қауымдастығының ұйымдастыруымен «Äz Nauryz» ұлттық спорт ойындары мен салт-дәстүрлер сайысы өтті.

Іс-шараның мақсаты — ұлттық спорт түрлерін насихаттау, студент жастардың бірлігін нығайту, салауатты өмір салтын қалыптастыру және дәстүрлі құндылықтарды дәріптеу.

Сайыс аясында арқан тартыс, мас-рестлинг, асық ату, ләңгі тебу, қазақ күресі және жілік сындыру бойынша жарыс-

тар ұйымдастырылды. Жарысқа студенттер, оқытушылар және университет қызметкерлерінен құралған 10 команда қатысты.

Жарыс нәтижесі бойынша жалпы командалық есепте жүлделі орындарға ие болған келесі командалар ақшалай сыйлықтармен және грамоталармен марапатталды:

- 1 орын — Тау-кен факультеті.
- 2 орын — «Студенттер үйі» жатақханасы.
- 3 орын — Инновациялық технологиялар колледжді.

Сонымен қатар әр спорт түрі бойынша үздік қатысушылар да жеке марапаттарға ие болды.

Наурыз мейрамы аясында ұйымдастырылған спорттық



шара студент жастар мен қатысушылар арасында достықты, өзара құрмет пен салауатты бәсекелестік мәдениетін қалыптастыруға, сондай-ақ түркі халықтарының бай дәстүрлерін дәріптеуге ықпал етті.



Праздник весны, цветов и любви

Открыв торжество, Председатель Правления — ректор Сауле Сагинтаева особо отметила вклад женской части профессорско-преподавательского состава и сотрудников Карагандинского технического университета в развитие университета.



зования, воспитание молодежи и процветание общества, играют важную роль в росте университета и укреплении его авторитета. От всего сердца поздравляю с ярким весенним праздником, символизирующим заботу и доброту. Желаю крепкого здоровья, счастья, благополучия и творческих успехов», — сказала ректор Сауле Сагинтаева.

В свою очередь, члены Правления — проректор по академическим вопросам Бекболат Нусупбеков, проректор по стратегическому развитию и интернационализации Тимур Қанапиянов, проректор по науке и инновациям Али Мехтиев, проректор по цифровизации

«Профессионализм и преданность коллег, вносящих вклад в развитие науки и обра-



Азамат Амиров и проректор по социально-воспитательной работе Абай Калыков поздравили коллег на нескольких языках и преподнесли им приятные сюрпризы.

Выступления фольклорного ансамбля «Арқа сазы», народного танцевального ансамбля «Гәкку», активистов студенческого объединения «Жас Орда» и преподавателя Института

Конфуция Чжоу Юаньци создали праздничную атмосферу и подарили присутствующим радостное настроение.

Поздравляем женскую половину нашего университета с этим замечательным днем! Пусть весенний праздник принесет тепло, вдохновение и радость, а праздничная атмосфера сохранится в ваших сердцах надолго.



Қош келдің, Әз-Наурыз!



Қарағанды қаласының музыкалық театры «Илигай» әнін орындап, шараға мерекелік әуен сыйлады. Содан кейін бақдәулет еселеніп, әр шаңыраққа ырыс-несібе мен береке дарысын деген ізгі ниетпен шашу шашылды.

Сәулет-құрылыс факультеті, Ақпараттық технологиялар факультеті, тау-кен факультеті, энергетика, автоматика және

Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінде «Қош келдің, Әз-Наурыз!» мерекелік іс-шарасы ұйымдастырылды. Мереке барысында барлық факультет киіз үйлер тігіп, этноауылдарға бөлініп, қонақтарға дәстүрлі дастарқан ұсынылды.

телекоммуникация факультеті, Көлік, логистика және инженерлік экономика факультеті студенттері және Металлургия мен машина жасау факультетінің оқытушылары дәстүрлі әндер, күйлер, сахналық қойылымдар мен заманауи би нөмірлерін ұсынды. «Жас Орда» жастар қауымдастығы да өз өнерлерімен жиналған қауымға мерекелік көңіл-күй сыйлады.

Сонымен қатар ұлттық спорт ойындары — «Арқан тарту» және «Кір көтеру» жарыстары өтті. Жеңімпаздар мен белсенді қатысушылар арнайы сыйлықтар мен марапаттарға ие болды.

Әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор Абай Қалықов университет ұжымын, студенттер қауымын және келген қонақтарды Наурыз мейрамымен құттықтап, Басқарма Төрағасы-



ректор Сауле Сагинтаеваның ізгі тілектерін жеткізді. Сонымен қатар басқарма мүшелері-проректорлар да барша қауымды жаңару мен жаңғыру мерекесімен құттықтады.

Мерекелік шара университет ұжымы мен студенттер қауымын ұлттық дәстүрлер мен мәдени мұра арқылы біріктіріп, Наурыз мейрамының рухани мәнін ерекше атап, бірлік пен берекенің маңыздылығын көрсетті.



Көктем Аруы — 2026

Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің Арх-24-2 тобының студенті Бақтыбай Айкүнім облыстық «Көктем Аруы — 2026» байқауында Гран-при иегері атанып, байқаудың басты тәжін жеңіп алды.

Байқауға Қарағанды облысының әр университеті мен колледждерінен 10 үміткер қатысып, өз өнері мен шеберлігін көрсетті. Байқаудың басты мақсаты — студенттердің мәдени-шығармашылық белсенділігін

арттыру және бос уақытын тиімді пайдалану.

Сондай-ақ, университетіміздің тағы екі студенті жоғары нәтижелерге қол жеткізді. Арх-21-1 тобының студенті Қалиақпар Жанерке «Креативті

Ару» номинациясын иеленсе, НД-22-1 тобының студенті Болат Аида «Өнерлі Ару» номинациясының жеңімпазы атанды.

Байқауға қатысқан барлық аруларымызды шын жүректен



құттықтаймыз! Бұл жетістіктер олардың талантының, еңбегі мен шығармашылық әлеуетінің айқын көрінісі. Алдағы уақытта да биік белестерді бағындырып, жаңа жетістіктерге жете беруіне тілектеспіз.

«За политехнические знания»

№3(1649) 31 наурыз 2026 ж.

Меншік иесі және құрылтайшысы: ӨМК Қарағанды техникалық университеті

Редакцияның мекен-жайы: 100027, Қарағанды қаласы, Н.Назарбаев даңғылы, 56 үй, бас корпусының 403 каб. Тел.: +7 701 394 81 18, 56-24-10 (қос. – 1079).

Эл. пошта: gazeta.kstu@mail.ru. Газетті www.kstu.kz сайтынан оқуға болады.

БАҚ есепке қою туралы куәлігі Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігінде № 4253-Г 08.10.2003 ж. берілген.

Айына 1 рет жарық көреді. Таралымы: 350 дана.

Газеттің басылған орны: 100027, Қарағанды қаласы, Н.Назарбаев даңғылы, 56 үй, 4 корпус. Қарту баспасы.

Редактор: А. Александров

Фото: Д. Иманалиев, О. Битнер.

Тарату аймағы: Қарағанды техникалық университеті.

Материалдарды қайта басу кезінде газетке сілтеме жасалуы шарт.

Редакция пікірі мақала авторларының пікірімен сәйкес келмеуі мүмкін.

Редакция мүмкіндігінше авторлық стильді және жарияланымның емлесін сақтайды.

Редакция ұсынған авторлық материалдарды себебін түсіндірмей қабыл алмауға құқылы. Қолжазбаларға пікір жазылмайды және қайтарылмайды.